

Шет мемлекеттердің инспекциялық және арнаулы ұшақтарының Қазақстан Республикасының аумағына ұшып келуіне берілетін дипломатиялық рұқсаттарды ресімдеу процедурасы туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 13 қазан 1993 ж. N 1019

Қару-жарақта және қарусыздануға бақылау жасау проблемалары жөніндегі шарттар мен келісімдерге қатысушы мемлекеттің міндеттерін Қазақстан Республикасының дәлме-дәл орындаудының қажеттігіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Корғаныс министрлігінің, "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік компаниясының және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жәрдемімен жыл сайын шетелдік әуе кемелерінің ұшып келуіне дипломатиялық рұқсат беріп, бұл жөнінде шарттарға немесе келісімдерге қатысушы елдерге хабарлап отыратын болсын.

2. Шетел ұшағы коммерциялық реистер кестесінен тыс жекелеген арнаулы рейспен ұшып келетін жағдайда дипломатиялық рұқсат берудің мынадай тәртібі белгіленсін:

шетел мемлекетінің Қазақстанда болу ниеті туралы нотасы немесе (және) мәлімдеуі негізінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Корғаныс министрлігіне, "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік компаниясына және Ұлттық қауіпсіздік комитетіне хабар жібереді;

аталған ведомстволар екі қундік мерзімде қорытынды шығарады және Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне хабарлайды;

"Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік компаниясы Ресей Федерациясының әуе қозғалысын бірыңғай басқару жүйесінің бас орталығын және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әуе қозғалысын басқару бас орталығын хабардар етеді, олар өтінімдер бойынша шет ел мемлекеттерінің ұшақтарын шетелдік әуе кемелерінің ұшыу үшін белгіленген коридорлар арқылы өткізууді қамтамасыз етеді;

көрсетілген ведомстволардың қорытындылары негізінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі дипломатиялық рұқсат жазып береді, оның нөмірі мен нотасы сұрау салушыға және барлық мүдделі ведомстволарға х а б а р л а н а д ы .

**Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК